

невозможно оставить незамеченными. Однако, согласно различным мнениям, выдвинутым экспертами по всему миру, существует идея, что основная причина такого прогресса связана с взаимным сотрудничеством, существующим между Америкой и Южной Кореей. Как известно, это сотрудничество в основном направлено на экономику и военную деятельность между странами, и эти основные направления становятся одними из тех вопросов спора в соперничестве Китая и Америки. Таким образом, ясно, что будущая геополитическая ситуация в Азиатско-Тихоокеанском регионе также зависит от прогресса или регресса в отношениях между Южной Кореей и Америкой.

Эта статья направлена на то, чтобы проанализировать мнения различных экспертов и ученых о сотрудничестве между Соединенными Штатами Америки и Республикой Корея. Исследователи были выбраны среди экспертов нескольких западных стран, включая исследовательские институты и аналитические центры. В данной статье были использованы различные научные методы, такие как отбор данных, литературный обзор, систематизация полученной информации и анализ различных мнений и мыслей ведущих экспертов, занимающихся данной темой. Авторы этой статьи, используя вышеперечисленные методы, сделали попытку проанализировать и сравнить точки зрения этих ученых с целью выявления их общих точек соприкосновения согласно данному вопросу.

Ключевые слова: научное сопровождение, альянс США-Южная Корея, союзники, сотрудничество, партнерство по вопросам безопасности, военная мощь, экспертное мнение.

Information about the authors:

Bugytayeva Samal Kuatkyzy – The 2nd year Ph.D. student in International Relations, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World languages, Almaty, Kazakhstan.

Shaimordanova Zara Dzhuandykovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Faculty of International Relations, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World languages, Almaty, Kazakhstan.

Бұғытаева Самал Қуатқызы – Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Өлем Тілдері Университеті, Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Шайморданова Зара Джуандыковна – Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Өлем Тілдері Университеті, Халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан.

А.А. Иманбаева

Логистика және көлік академиясы, Алматы, Қазақстан
(E-mail: imanbayeva1804@mail.ru)

Қазақстандағы саяси коммуникациялардың ғылыми зерттелу деңгейі мен мүмкіндіктері

Аңдатпа. Аталған ғылыми мақалада коммуникация ұғымының шығу төркіні мен саяси коммуникацияның шетелдік саяси ғылымда теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ғылыми зерттелу деңгейіне талдаулар жасалған. Автор ғылыми мақалада отандық саясаттану ғылымындағы саяси коммуникацияның зерттелу деңгейіне тоқталып өткен. Қазақстандағы ақпараттық саясаттағы саяси коммуникацияның қолданылуы мен билік пен қоғам арасындағы өзара ақпарат алмасу үрдістері айқын түрде талданып көрсетіледі. Саяси коммуникация ұғымының саяси билікте және қоғаммен өзарабайланыс жағдайында қолданылатындығы нақты анықталады. Саяси коммуникацияның сайлау ұғымымен байланысы тәжірибеде қолданылуына байланысты нақтылы мысалдар арқылы ашып көрсетілді. Қазақстанның ақпараттық саясатындағы қазіргі кездегі өзгерістер мен саяси жүйенің тұрақтылығына ықпал ететін саяси субъектілердің рөліне тоқталып олар жайлы айқын мәліметтер беріледі. Мақалада қазіргі кезде бүкіләлемді шарпыған пандемия жағдайында да билік субъектілерімен бірге, билік пен қоғам арасындағы өзарабайланыстарды орнатуына себеп болған технологиялардың өзектілігіне тоқталып, сипаттамалар беріп өткен.

Қазақстандағы демократиялық принциптер мен саяси модернизацияның саяси коммуникацияға тигізген ықпалы талданып көрсетілді. Зерттеу жұмысында автор, еліміздегі саяси коммуникацияның мүмкіншілігін арттыруға қатысты өз ұсыныстарын білдіреді. Қазіргі кездегі мемлекетіміздегі әлеуметтік желілердің кең тарауы және оның саясатқа қатысты қырлары қарастырылып, талданды. Дегенменде, әлеуметтік желілердің еліміздің кей өңірлері үшін әліде қолжетімді емес екендігі дәлелденді. Сонымен бірге, мақалада билік пен қоғам мәселесіндегі ашықтық пен еркіндік, пікіралуандылығы мен жариялылық сияқты принциптердің азаматтық қоғамды дамытуға мүмкіндік беретіндігіне назар аударып сипаттамалар берді.

Түйін сөздер: саяси коммуникация, интернет, твиттер, инстаграм, фейсбук, электрондық үкімет, сандық формат, кибернетика, азаматтық қоғам.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-141-4-27-35>
Редакцияға түсті: 10.08.2022 / Қабылданды: 15.09.2022

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде қоғамның әр саласында жаңару процестерін әліде бастан кешіруде. Жақында

ғана Қазақстан президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың 16 наурызында «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы»[1] атты Жолдауында; халық үніне құлақ асатын мемлекетті құру жөніндегі идеясында

билік пен қоғам арасындағы диалогқа аса мән берілетіндігі айтылды. Қазақстандағы саяси жүйедегі жаңару процестерінің маңыздылығы мен тиімділігінен қоғамдағы саяси коммуникация ықпалының ерекше екендігі анықталады. Сол себепті, саяси коммуникация азаматтық қоғамды қалыптастырудағы демократияның негізгі принциптерін басшылыққа ала отырып, саяси субъектілердің өзара және қоғаммен ақпарат алмасуындағы екіжақты келісімі мен сеніміне негізделген еліміздегі саяси жүйенің тұрақтылығын нақтылайтын маңызды фактор екендігімен ерекшеленеді. Сонымен Қазақстан Республикасының саяси жүйесі өркениетті елдердің үлгілеріне сай келетін түбірлі жаңаруды басынан өткеріп жатқан кезеңде, саяси коммуникация проблемасы терең ғылыми зерттеулерге негіз болар тың мәселелердің бірі болып табылады. Шынайы тұрғыдан қоғам мен билік арасындағы өзара түсіністік орын алып, кері байланыс болғанда ғана саяси тұрақтылық орнайды да, саяси жүйенің бағыты дұрыс қалыптасады.

Мәселенің тұжырымы

Коммуникация ұғымы басқа ғылымдар саласында да кеңінен қолданылып келе жатқан термин. Дегенмен, саяси салада кеңінен қолданылатын саяси коммуникация ұғымының ғылыми тұжырымдарына талдау жасай отырып, күнделікті билік субъектілерімен бірге қоғаммен байланыста кеңінен қолданылатын ақпарат алмасу үрдісін білдіреді. Күнделікті өмірде коммуникация ұғымы қарапайым байланыс анықтамасын көрсетсе, ғылыми тұжырымда кең теориялық мағынаға ие мемлекеттегі бүкіл ашық диалогтың түсінігін қалыптастырады.

Зерттеудің мақсаты

Зерттеу жұмысының мақсаты – саяси коммуникацияның ғылыми зерттелу деңгейлеріне талдау жасай отырып, Қазақстанның саяси жүйесіндегі қолданылу аясына зерттеу жүргізу.

Зерттеудің тарихы

Коммуникация ұғымы алғаш рет қазіргі кибернетиканың негізін қалаушы Н.Винердің еңбегінде қолданылды. Кейіннен қоғамдық ғылымдарда кеңінен тарала бастады. Яғни алғашқыда техника ғылымында пайда болған ұғым, кейіннен саясат терминологиясындағы айналымға енгізілді. Соның ішінде саясаттануда бұл ұғым аса маңызды орынға ие. Саяси коммуникация мәселесінің зерттелу деңгейіне келсек, оны алғаш рет теориялық тұрғыдан зерттеу шетел ғалымдарының еңбектерінде орын алған болатын.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында, саяси коммуникацияның өткені мен бүгінгі, келешек қадамдарына байланысты нақтылы тарихи, жүйелеу, талдау, салыстырмалы, болжамдық, ғылыми объективтілік әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Азаматтық қоғамды қалыптастыру үстіндегі елімізде қоғамның үндеулері, талап-тілектері билікке дер кезінде жеткізіліп, дұрыс саяси шешімдердің қабылдануына түрткі болары анық. Сол себепті саяси коммуникацияның саяси жүйеде маңызды болуы заңдылық. Негізінен жалпы саяси ғылымда қоғам мен билік арасындағы байланысты ғылыми тұрғыдан талдап, саяси коммуникацияны зерттеудің негізі ХХ ғ. 40-80 жылдарында жарық көрген батысеуропалық зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерделенген. Теориялық тұрғыдан зерттелген бұл тақырыпты тәжірибелік тұрғыдан еліміздегі саяси жүйемен байланыстырып ғылыми аппаратын қалыптастырып, дамыту отандық саясаттану ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ресейлік зерттеушілер М.Н.Грачев [2] пен А.И.Соловьевтің [3] ғылыми зерттеу еңбектерінде саяси коммуникацияның саясаттағы жалпы саяси жүйедегі

маңыздылығына тоқтала отырып, олардың іске асырылу жолдарына талдау жасап көрсеткен. Бұл зерттеушілер саяси коммуникацияда негізінен қоғам мүддесінің ескерілуін қарастырып зерттеген. Бұдан бөлек, Ю.И.Детинко мен Л.В.Куликованың [4] еңбектерінде, ғылыми түрде тілдік ұғымдардың саяси коммуникацияда қолданылуы, лингвокоммуникативті модельдердің түрлері мен дискурстық-семиотикалық техникалары жайлы жан-жақты мәліметтер келтірілген. Сондай-ақ Даррен Дж.Лиллекердің [5] ғылыми зерттеу жұмысында саяси коммуникацияның пайда болу тарихын түсіндіре отырып, елуден астам ғылымтұжырымдарын келтіреді. Ал, отандық ғылымда А.С.Абулқасова, Р.Б.Әбсаттаров, Г.Ө.Насимова, М.Ө.Насимов, Ғ.Ж.Ибраева, Р.А.Нұртазина [6], Г.Сұлтанбаева [7], Б.Ахатова [8] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде саяси коммуникация мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстыра отырып, оның әртүрлі саяси басқару туралы қырларын зерттеуге бағытталған. Ал қазіргі таңда, еліміздегі бұқаралық саяси коммуникация мәселесіне ғылымда баса назар аударылып келе жатыр. А.А.Иманбаеваның [9] ғылыми еңбегінде саяси коммуникацияның теориялық мәселелері мен қатар еліміздің саяси тәжірибесінде қолданылып келе жатқан түрлеріне талдау жасалынған. Дегенменде, тікелей саяси субъектілердің өзара және қоғаммен байланыс орнатуы жайлы өзекті тақырып әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді. Әсіресе әдіснамалық (методологиялық) тұрғысына сүйене отырып, ғылыми зерттеулердің жүргізілуі қажеттілік болып табылады.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерге сүйене келе, саяси коммуникация өзара араласудың әдістері мен құралдарын, түрлерін көрсететіндігіне тоқталып өткенбіз. Мысалға оған саяси психологиялық тұрғыдан араласудың түрлерінде атап өтуге болады. Саяси коммуникацияда азаматтардың өзара бір-біріне ықпал етуінде саяси психологияның орны ерекше. Соның ішінде жеке тұлғалар арасындағы саяси коммуникацияның маңызы

зор. Жеке тұлға өз ішінде әртүрлі әлеуметтік желілер, мерзімді баспасөздер, радио тыңдау және т.б. хабар алмасулар арқылы жүрсе, жұмыс орнындағы тұлғалармен араласу болмаса іссапарларға шығу арқылы өзге тұлғалармен араласуда өзара ақпараттарға ие болады. Яғни, хабар алмасуда жеке тұлғаларда саяси коммуникацияның әртүрлі жолдары болатындығына тоқталдық. Біздіңше, саяси коммуникация заңдылық талаптарына сай саяси жүйе жасауға қабілетті болып келеді. Қазақстанда ерікті таңдау принциптерін басшылыққа ала отырып, саяси жүйенің тиімді жұмыс жасауына тікелей оның азаматтарының ықпалы басым болатындығын ұмытпау шарт.

Еліміздегі саяси коммуникация мәселесін зерттей келе, мына мәселелерге баса назар аудару қажет деп санаймыз:

- саяси коммуникацияның жаңа тиімді саласы саналатын әлеуметтік желі саласындағы жылдам ақпарат алмасудағы заңнамаларды ретке келтіру;
- ақпараттардың шынайылығына көз жеткізу (қазіргі тілде фейк деп аталатын жалған-қауесеттердің таралуымен байланысты);
- компьютерлік сауаттылықты көтеру арқылы, жылдам ақпарат алмасудың тетіктерін қадағалау;
- интернет желілерінің еліміздегі өңірлер мен шалғай аймақтарға дұрыс жеткізілуін қамтамасыз ету (бүгінгі пандемия жағдайында бұл аса өзекті мәселелердің қатарында екені белгілі);
- сайлау науқанында үміткерлер мен сайлаушылар арасындағы өзара хабар алмасудың тиімді және тұрақты жолдарын қарастыру;
- отандық саяси партиялардың қызметтері мен олардың негізгі ерекшеліктеріне тоқталатын ғылыми зерттеулердің жүргізілуі қажет.

Жоғарыда келтірілген мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу арқылы, еліміздегі саяси коммуникацияның тиімділігін арттыруға болады деп санаймыз. Қазақстандағы саяси коммуникацияда әлеуметтік желілер және

«электрондық үкімет» порталы дәл бүгінгі заманның тікелей қажеттілігі болып есептеледі. Бүгінгі таңдағы саясаттағы ашықтық, бәсекеге қабілеттілік демократиялық принциптермен қатар «еркіндік», «бостандық», «теңдік» сияқты құндылықтар осы саяси коммуникацияның жемісі екендігін көрсетеді.

Саяси басқаруда отырған субъектілер үшін, олардың қызметіне жауап ретінде қабылданатын дауыс беру яғни сайлау науқаны маңызды болып саналады. Бұл арада сайлау жүйесінің де маңызды рөл атқаратындығын ескеру қажет. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 16 наурыздағы Жолдауында, Парламенттің төменгі палатасының депутаттарын сайлау барысында, ендігі жерде аралас сайлау жүйесінің қолданылатындығы туралы мәлімдеді. Бұл дегеніміз, қоғам мен билік арасындағы пікір алмасу мүмкіндігінің көрсеткіші ұлғаятындығын білдіреді. Яғни, саясатта жүйелі шешімдер қабылдау үшін, тек халықпен ғана емес саяси субъектілердің өз арасында да диалогтардың орын алуын көрсететін қажеттілік. Плюралистік көзқарас арқылы дұрыс және тиімді дамуына мүмкіндік туғызады. Сол себепті саяси жүйенің тиімді қызмет атқаруына ықпалын тигізетін сайлау жүйесінің маңызды екендігін байқаймыз. Ал осы сайлау науқанындағы үгіт-насихат, үміткерлер арасындағы шынайы бәсекелестіктің нақтылы бейнесі болып есептеледі. Еліміздің Сайлау туралы Заңының 27-бабында былай делінген: «Сайлау алдындағы үгіт – сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет» [10]. Яғни, сайлау науқанындағы үгіт-насихатты қолдану Қазақстандағы саяси субъектілердің саяси мақсаттарына қол жеткізуіне жасалған мүмкіндіктерін іске асыруда қолданатын саяси технологиялар болып табылады. Дәлірек айтсақ, 2021 жылдың қаңтар айында елімізде Парламенттің төменгі палатасы Мәжіліс депутаттығына үміткерлерді таңдауда өткізілген сайлау науқанында анық байқалды. Саяси партиялардың мүшелерімен жетекшілерінің әлеуметтік желілер

арқылы тікелей эфирлер жүргізіп, билік пен қоғам арасын жақындастыратын түрлі технологияларды пандемия жағдайында да еркін пайдалана алатындығын көрсете білді. Тікелей әлеуметтік желілермен байланысқа шығудың саяси субъектілер үшін бір тиімді жағы, бірден кері байланысқа шығу мүмкіндігі. Сайлауға түскен Қазақстан Халық партиясы, «Nur Otan» партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Адал» партиясы араларында бәсекелестік барысында жеңіске жеткен 3 партия арасында депутаттық мандаттарды бөлісті. Көрсетілген мәліметтер бойынша еліміздегі пайыздық көрсеткіштерден сайлаушылардың басым бөлігі билік басындағылардың саяси іс-әрекеттеріне толық көңілі толады дегенді білдірмейді. Сайлауда көбінесе азаматтардың саяси қатысуға деген бейімділігінің төмендеуі де ықпал етеді. Ол еліміздегі азаматтардың өз құқықтарын тиімді пайдаланбай сайлауға баруға ынтасы болмай, дауыс беруден бас тартуға алып келеді. Бұл дегеніміз билікке деген сенімнің төмендеуі болмаса сайлау науқанының дұрыс ұйымдастырылмауының да нәтижесі. Сайлаушылармен толыққанды кездесулер, өзара ақпарат алмасулар дұрыс жүргізілмесе, нәтижеде соған сай көрсеткіш беретіндігінің бір дәлелі десе де болады. Және таяуда ғана мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ҚР-ның «Сайлау туралы» Заңына өзгерістер енгізуге қол қойды. Ол өзгерістер бойынша бұдан былай ауыл, ендігі жерде аудан әкімдерін сайлау арқылы тағайындау болатындығына басымдық беретін болады. Ендігі сайлауда партиялық тізім бойынша сайлауға түсуде билікке өту үшін бұрынғыдай 7% емес ол кедергілер 5 %-ға төмендетіледі. Тағы бір атап өтетін жайт, билікке тек сенімді партияға деген үлесті арттырып көрсете беру болмаса соның маңайындағы үйреншікті партияларды билікке өткізу саяси коммуникацияда тиімді нәтижелер бере бермейді. Сондықтан көппартиялық жүйені қалыптастырған еліміз үшін, басқа да партияларға мүмкіндік берудің маңыздылығын есте ұстаған жөн. Мемлекет басшысының қол қойған заңнамасы дәл осы арада өте орынды талап.

Сонымен қатар, қазіргі кездегі еліміздегі әлеуметтік желілердің іске қосылуы, билік пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға сәл де болса септігін тигізуде. Мәселен, инстаграм, фейсбук, твиттер, телеграмм, ватсап т.б. коммуникациялық каналдарымен байланыс орнату бүгінде өзекті болып отыр. Электрондық үкіметтің іске асырылуының өзі, қоғамның қажеттіліктерін өтеуде үлкен мүмкіндіктер екенін атап өтуге болады. Елімізде «электрондық үкімет» ақпарат таратудағы «сандық формат» сияқты жаңа тәсілдерге өтудің бастамалары жүргізілуде. Кері байланыс жүйесін тікелей іске қосатын бұл портал жалпы мемлекетіміз үшін саяси коммуникацияда аса тиімді жолдардың бірі. Нақты мысал келтіретін болсақ, еліміздегі жекелеген министрліктер инстаграмм желісі арқылы тікелей эфирлерге шығып, журналистердің және жалпы халықтың сұрақтарына жауап беруді өз қызметіне қосты. Демек, үкімет пен қоғамның өзара байланысқа түсудің яғни тікелей кері байланыстың нақты бір түріне қол жеткізілді деуге болады. Енді автордың жүргізген әлеуметтік сауалнамаларына сәйкес, халықтың қанша бөлігі ақпараттарды (қала халқының мәліметтері бойынша) қай әлеуметтік желіден көбірек алатындығы туралы, төмендегі кестелерді ұсынамыз:


1 кесте.

Әлеуметтік желілер	Оқимын	Анда-санда	Мүлдем оқымаймын
Инстаграмм	57%	20%	13%
Фейсбук	64%	28%	8%
Телеграмм	63%	30%	7%
Твиттер	48%	17%	35%
ВК (в контакте)	42%	15%	40%
Ватсап	57%	38%	-
Егов.кз	12%	11%	30%
Электронды баспасөз беттерінен	41%	20%	45%

Дегенмен, келесі мәліметтерді есепке алатын болсақ, қазіргі кезде елімізде ақпараттарды алу көздерінде ерекше рейтингті теледидар 59% бастап тұр, әлеуметтік желілер - 23% құраса, радио арқылы - 10%, мерзімді баспасөз беттерінен - 9% ақпараттар алынатындығы төмендегі диаграммада келтірілді.

Диаграмма 1.

Ақпараттар алу көздері



Бұл диаграммада келтірілген мәліметтерге сүйеніп қарасақ, әлі де болса еліміздегі шалғай ауылдардың интернетпен қамтамасыз етілуі жеткілікті деңгейде емес екендігін білдіреді. Саяси өмірде коммуникация қоғамға ықпал етудің мықты және сенімді құралдарының бірі болып есептеледі. Саяси коммуникация нақты саяси жүйе шеңберінде, сонымен бірге аталған жүйемен және тұтастай қоғаммен арада саяси ақпарат алмасу процесін көрсетеді. Бұл коммуникативті кеңістікте саясаткерлер бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өздері үшін жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыруға тырысады. Дегенмен, қоғам алдындағы имиджге ғана емес, БАҚ сенімді ақпараттарды таратуда да маңызды рөл атқаруы тиіс. Төртінші билік өкілдері саналатын БАҚ-тың саяси коммуникацияда басты құрал болып табылатыны тегін емес. Саяси субъектілер бұл арада басты коммуникатор рөлінде адресатқа (қоғамға) жіберген ақпараттарының нәтижелілігіне де мән беруі орынды.

Саяси коммуникацияның негізгі сипаты жариялылық болып саналады. Саясаткер өзінің ой-пікірін және сезімдерін жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар өзінің

бейнесін, яғни, саяси шынайы имиджін жасауға қабілетті екендігін таныта алады. Саяси коммуникацияның тиімді көмегімен басқарушы элита мына ерекшеліктерге қол жеткізуге мүмкіндік алады: бастысы қоғам элиталардың сенімдері мен артықшылықтарын тура өз сипатында қабылдай бастайды. Саяси коммуникацияның сапасы қоғамның даму деңгейімен анықталады, яғни, билік азаматтарға тәуелді және солар үшін өмір сүреді, тек керісінше емес жағдайда болуы тиіс. «Қоғамда демократияның деңгейі жоғары болған сайын, саяси ақпарат алмасу көлденең деңгейде соғұрлым қоғам мен ұйымдардың мүшелерінің арасында интенсивті жүреді. Оның үстіне көлденең алмасу, азаматтарға бағытталғандықтан үлкен маңызға ие» [8, 83-84 б]. Біздіңше, ақпараттың жоғарыдан төмен қарай орын беруі дұрыс емес, көлденең ақпарат алмасу демократиялық ұстанымды ұстанған елдер үшін орынды. Саяси жүйе демократиялық бағытта азаматтық қоғам өкілдерінің пікірлеріне назар аударуға міндетті. Саяси коммуникацияның жоғарыда келтірілген ұстанымдарға сәйкес әрекет етуі, еліміздегі саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ететіндігін білдіреді.

Саяси коммуникация ақпараттың дамыған ғасырында саяси субъектілердің қоғамды басқарудағы, яғни, өз мақсаттарын жүзеге асырудағы билік үшін күресте қолданылатын тиімді құралдарының бірі болып отыр. Қазіргі таңдағы саяси коммуникация Қазақстандағы саяси жүйедегі өзгерісті бейнелеп, ақпараттық технологияларға негізделген, билік пен қоғамның өзара қатынастарының дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар саяси коммуникация билік үшін күресте қоғамның қолдауын қажет етеді, ал қоғам өз мүддесінің ескеріліп, оның билік құрылымында жүзеге асуына ықпал жасауға себепші болады, яғни, бұл өзара келісімді қамтамасыз ететін негізгі басымдық екендігімен ерекшеленеді. Саяси коммуникацияны жүзеге асырудағы ақпараттық технологиялар жаңа заман талабына сай жаңартуды қажет етеді, бұл ақпарат алмасудағы өзара тиімділік мәселесін

шешуге септігін тигізеді. Қазақстандағы саяси коммуникацияның қалыптасуы мен даму кезеңі тікелей сайлау кезеңдерімен нақтыланатындықтан, оның тәсілдері саяси қызметті жүзеге асырудағы бірден-бір үздіксіз процесс саналады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында көрсетілгендей, Қазақстандағы саяси коммуникацияның қазіргі кездегі қадамдары демократиялық ұстанымдар мен саяси модернизацияның нәтижесінде жүзеге асырылып келеді. Бұл мәселе тікелей Қазақстандағы саяси басқарумен байланысты екені анық. Яғни, мемлекетіміздегі саяси модернизация жетістіктері, реформалар, қабылданған саяси шешімдер, әртүрлі заңды құжаттар саяси коммуникацияның жүзеге асырылуының нақтылы нәтижесі. Бүгінгі таңда саяси коммуникацияның нығаюына мемлекетіміздегі жаңа ақпараттық технологиялардың дамуымен қатар әлеуметтік желілердің түрлерінің кең тарауы да өз ықпалын тигізуде.

Қазақстанда саяси коммуникацияның тиімділігін арттыру мәселесінде әлеуметтік желінің қазіргі кездегі ақпарат тарату нысаны өте жоғары деңгейде екендігі белгілі. Дегенмен, бұл желіде ақпараттандыру жағынан еліміздің барлық тұрғындарын қанағаттандырмайтыны шындық. Өйткені, елімізде әлеуметтік желілер әлі толығымен қамтылмаған өңірлерде жеткілікті. Сол себепті мұндай аймақтар теледидар мен радио, мерзімді баспасөз мәліметтеріне сүйенетіні түсінікті. Әлеуметтік желілердің ақпаратты дер кезінде жеткізе алу жылдамдығына ие екендігін ескере келе, өңірлердің толықтай қамтылуын біртіндеп емес, жылдам қолға алу қажеттілік болып есептеледі.

Дәл қазіргі уақыттағы әлемді жайлаған пандемия кезінде, онлайн кездесулер мен онлайн брифингтер саяси коммуникация мәселесінің өзектілігін арттыра түсті деуге болады. Биліктің қоғам алдындағы онлайн есеп беруі, мемлекеттік органдардың ақпараттық сайттарындағы кері байланыстардың

орнатылуы билік пен қоғам арасындағы алшақтықты біршама қысқартқандығын көрсетеді. Бастапқыда елімізде қолға алынған электрондық үкімет порталы бүгінде саясатта ерекше рөл атқаруда. Қазақстандағы биліктегі виртуалды кездесулер мен баспасөз-мәслихаттарының өтуі саяси коммуникация құралдарының жаңарып, қазіргі заман талабына сай каналдарының

өзгеріп жатқандығымен анықталады. Қазақстандағы саяси модернизация билік пен қоғам арасындағы өзара байланыста жариялылықтың келісімнің, сенімнің болуын талап етеді. Саяси билікті жүзеге асыруда саяси субъектілермен қатар, қоғамның да мүддесі ескерілгені азаматтық қоғамды қалыптастырудағы ізгіліктердің бірі екендігін атап өту керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauy-2022>. (қарастырылған күні: 02.04.2022).
2. Грачев М.Н. Политическая коммуникация: теоретические концепции, модели, векторы развития. – Москва: Прометей, 2004. – 327 с.
3. Соловьев А.И. Политология: Политическая теория, политические технологии: Учебник для студентов вузов / А.И. Соловьев. – Москва: Аспект Пресс, 2006. – 559 с.
4. Детинко Ю.И., Куликова Л.В. Политическая коммуникация: опыт мультимодального и критического дискурса-анализа: монография. – Красноярск: Сиб.федер.ун-т, 2017. – 168 с.
5. Даррен Дж.Лиллекер Политическая коммуникация. Ключевые концепты. Перевод с англ.яз. С.И.Остнек. – Харьков: Гуманитарный центр, 2010. – 297 с.
6. Нуртазина Р.А. Современные массовые коммуникации в условиях глобализации. – Астана, 2006. - Часть I. – 384 с.
7. Сұлтанбаева Г.С. Политическая коммуникация в средствах массовой информации: зарубежный опыт и Казахстан. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 306 с.
8. Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
9. Иманбаева А.А. Қазақстандағы саяси коммуникацияның өзекті мәселелері: - монография. – Алматы: «Әлішер» баспасы, 2014. – 162 б.
10. «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. Ресми мәтін. - Астана: «Сарыарқа» БУ, 2005. – 40 б.

А.А. Иманбаева

Академия логистики и транспорта, Алматы, Казахстан

Уровень научных исследований и возможности политической коммуникации в Казахстане

Аннотация. В данной научной статье анализируется происхождение понятия коммуникации и уровень теоретико-методологического исследования политической коммуникации в зарубежной политической науке. Автор акцентирует внимание на уровне исследования политической коммуникации в отечественной политической науке. Четко проанализированы использование политической коммуникации в информационной политике Казахстана и процесс взаимного обмена информацией между государством и обществом. Определено, что понятие политической коммуникации используется в политической власти и в контексте взаимодействия с обществом. Связь политической коммуникации с понятием выборов иллюстрируется конкретными примерами его практического применения. Дана четкая информация о текущих изменениях в информационной политике Казахстана и роли политических акторов, способствующих стабильности политической системы. В статье описывается актуальность технологий, которые

привели к налаживанию взаимодействия власти и общества даже в условиях нынешней глобальной пандемии.

Проанализировано влияние демократических принципов и политической модернизации в Казахстане на политическую коммуникацию. В исследовании автор вносит предложения по повышению потенциала политической коммуникации в стране. Рассмотрены и проанализированы распространённость социальных сетей в стране на сегодняшний день и их политические аспекты. Доказано, что в некоторых регионах страны социальные сети до сих пор недоступны. В то же время описано, как принципы открытости и свободы, плюрализма и открытости в вопросах власти и общества позволяют развиваться гражданскому обществу.

Ключевые слова: политическая коммуникация, Интернет, Twitter, Instagram, Facebook, электронное правительство, цифровой формат, кибернетика, гражданское общество.

A.A. Imanbayeva

Academy of logistics and transport, Almaty, Kazakhstan

The level of scientific research and the possibilities of political communication in Kazakhstan

Abstract. This scientific article analyzes the origin of the concept of communication and the level of theoretical and methodological research of political communication in foreign political science. In the scientific article, the author focuses on the level of research of political communication in domestic political science. The use of political communication in the information policy of Kazakhstan and the process of mutual exchange of information between the state and society are clearly analyzed. It is determined that the concept of political communication is used in political power and in the context of interaction with society. The connection of political communication with the concept of elections is illustrated by specific examples of its practical application. Clear information is given about the current changes in the information policy of Kazakhstan and the role of political actors contributing to the stability of the political system. The article describes the relevance of technologies that have led to the establishment of interaction between government and society, even in the current global pandemic.

The influence of democratic principles and political modernization in Kazakhstan on political communication is analyzed. In the study, the author makes suggestions to increase the potential of political communication in the country. The prevalence of social networks in the country today and their political aspects are considered and analyzed. The article proves that social networks are still not available in some regions of the country. At the same time, the article describes how the principles of openness and freedom, pluralism, and openness in matters of power and society allow civil society to develop.

Keywords: political communication, internet, Twitter, Instagram, Facebook, e-government, digital format, cybernetics, civil society.

References

1. Memleket bassısı Q.K.Toqayevtiń Qazaqstan xalqına Joldawı [address of the head of state K. K. Tokayev to the people of Kazakhstan]. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokayev-kazakstan-halkyna-zholdauy-2022> [in Kazakh]. (accessed 16.03.2022).
2. Grachev M. N. Politicheskaya kommunikatsiya: teoreticheskiye kontseptsii, modeli, vektory razvitiya [Political communication: theoretical concepts, models, vectors of development]. (Moskva, Prometej, 2004, 327 p.), [in Kazakh].
3. Solov'yev A.I. Politologiya: Politicheskaya teoriya, politicheskije tekhnologii: Uchebnik dlya studentov vuzov [Political Science: Political Theory, political technology: teacher for students vuzov]. (Moscow, Aspekt Press, 2006, 559 p.), [in Russian].
4. Detinko YU.I., Kulikova L.V. Politicheskaya kommunikatsiya: opyt mul'timodal'nogo i kriticheskogo diskurs-analiza: monografiya [political communication: experience multimodal and Critical Discourse Analysis: monograph]. (Krasnoyarsk, Sib.feder.un-t, 2017, 168 p.), [in Russian].